

Ресей Федерациясының президенті В.В.Путиннің Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 1 маусымдағы N 154-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2005 жылғы 2 - 3 маусымда Байқоңыр қаласында "Байқоңыр" ғарыш айлағының 50 жылдығын мерекелеу шеңберінде Ресей Федерациясының президенті Владимир Владимирович Путиннің Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қызылорда облысының әкімі 1-қосымшаға сәйкес Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша):
2-қосымшаға сәйкес Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

2005 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Ресей Федерациясының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ Ресей Федерациясының президенті Владимир Владимирович Путиннің арнайы ұшағын күзетуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген
т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, арнайы ұшақтың Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Байқоңыр қаласының әуежайына қонуын және одан

ұ ш ы п

ш ы ғ у ы н ;

Байқоңыр қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Ресей Федерациясының президенті Владимир Владимирович Путинді Байқоңыр қаласының әуежайында қарсы алу мен шығарып салу рәсіміне қатыссын, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атынан ресми қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғы 1 ма у с ы м да ғы

№ 1 5 4 - ө ө к і м і н е

1-қосымша

Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелерін (1+10) Байқоңыр қаласының қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету, сондай-ақ бірге жүретін адамдарды орналастыруда және оларға көліктік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуде жәрдем көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін ресми делегация мүшелері орналасқан жерлерге орналастыру.

3. Ресей Федерациясының ресми делегациясын Байқоңыр қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атынан Ресей Федерациясының президенті В.В. Путиннің құрметіне Байқоңыр қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғы 1 ма у с ы м да ғы

№ 1 5 4 - ө ө к і м і н е

2-қосымша

Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Баспа өнімдерін (бейдждер, автомобильдерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.
2. Ресей Федерациясы ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.
3. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.